



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№1 (641)
1 қаңтар,
2026 жыл

ҰЛТТЫҚ СПОРТКА

ҰМТЫЛЫС ЖОҒАРЫ



Жаңақорған десе тек Жайылманың қарбызы ғана еске түспейді. Оңтүстік ауданның ұлттық спортта да үлесі көп. Әсіресе, ер қанаты – ат деп, тұлпардың тұяғын дүбірлететін аламанда бәсі жоғары.

Олимпиада мен Әлем чемпионатында көк туды көкке көтеріп, елдің даңқын асырып жүрген әрбір сайыпқыранның бойында ұлттық спорттың іргетасы бар. Тіпті бұқаралық спорттың бастауы да ұлттық ойындардан нәр алады. Бүгінде бұл қатарда Жаңақорған ауданы көш бастап тұр. Мұнда ұлттық спорттың туын көкке көтерген Сламхан Боранбаевтың шәкірттері шыңға шығуда. Олар халықаралық деңгейде де қазақтың даңқын асырып, мерейін үстем етіп жүр. Ат үстіндегі әрбір спорт түрінде олардың қанжығасы майланып келеді. Көкпардан бастап, теңге ілу, аударыспақ, ат үстіндегі садақ ату – қай-қайсысында да олжасы басым.

4



Ақбота ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ:

ҮЛКЕН МАҚСАТ

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ

Балаларды оңалту орталығын ашу – тек ниет емес, жүйе мен басқаруды талап ететін үлкен жауапкершілік. Осындай істі қолға алған жанның бірі – «Arag kids» балаларды оңалту орталығының негізін қалаушы, заңгер әрі әлеуметтік кәсіпкер Ақбота Жеңісбекқызы.

Сонымен қатар ол республикалық іскер әйелдер қауымдастығының кураторы, «Сырдарья group» қоғамдық қорының және «The One System» бизнес-клубының жетекшісі. Сан саланы сәтті басқарып жүрген жанмен әңгіме-дүкен құрған едік.

6-БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ КӘСІП

2-БЕТТЕ

2026

ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАНДАЙ МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?

Уақыт көруені алға жылжыған сайын, адамзат технологиялық прогресс пен әлеуметтік реформалардың жаңа белестеріне көтеріліп келеді. 2026 жыл жай ғана кезекті күнтізбелік кезең емес, бұл жыл көптеген мемлекет, әсіресе Қазақстан үшін де стратегиялық маңызды шешімдердің жүзеге асатын, заңнамалық базаның жаңаратын және мәдени парадигмалардың ауысатын межесі болмақ. Осы орайда биыл елімізде болатын өзгерістерге көз жүгіртейік.

Ең алғаш өзгерістердің бірі Салық кодексінде болмақ. Бүгіннен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 55-бабының тармақтарына сәйкес Банк ұйымдарының мемлекеттік кірістер органына жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, мұндай шоттардағы ақша қалдықтары мен аударымы, тауарлардың электрондық

саудасын жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша мәліметтерді ұсыну, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар жеке тұлғаның банк шотына түскен ақшаның жиынтық сомасы бойынша мәліметтерді ұсыну белгіленді.

3-БЕТТЕ



ЖАМАН ҰЛТ ЖОҚ, ЖАМАН АДАМ БАР

8-БЕТТЕ

365 КҮН:

ЖАҢА ЖЫЛ — ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Жаңа жылдан бастап өмірімді өзгертемін», «Спортпен шұғылданамын», «Жыл бойы қаражат үнемдеймін, ақша жинаймын», «1 қаңтардан бастап тіл үйрету курсына жазыламын», «Жаңа жылдан бастап жаман әдеттерден тыйыламын» тағысың тағы...

Желтоқсан айының соңғы күндері мұндай сөздерді жиі естиміз. Психологиялық тұрғыдан алғанда, әр алам жаңа жылдан бейсаналы түрде үлкен үміт күтеді. Біреуге өтіп бара жатқан жыл ауыр тисе, енді біреу үшін керісінше сәтті болды. Сол себепті жаңа жылда жақсылық еселеніп, сәтсіздіктер артта қалса екен деген тілек әрбір көкейде бұр жарып жатады. «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» дегендей, әрбіріміз жаңа жылға үміт пен сенімге толы көңіл күймен қалам басамыз. Өткен жылдың кем-кетігін саралап, алдағы 365 күнге жаңа жоспар құру – жай ғана дәстүр емес, өмірге саналы түрде бетбұрыс жасаудың маңызды жолы. Жаңа жыл – бұл тек күнтізбелік өзгеріс емес, өмірді жаңа бағытқа бұру, өз-өзіңе есеп беру және армандарға нақты қадам жасау уақыты.

3-БЕТТЕ

Дұрыс тамақтану туралы бүгінде жиі айтамыз. Денсаулықты жақсарту, салауатты өмір салтына көшу қажет екенін де жақсы білеміз. Алайда деннің саулығын сақтап, оны жақсартуды неден бастау керек?

Көпшілік спортты, уақытылы ұйқыны немесе диетаны атайды. Бірақ мәселе қалай тамақтанумен қатар, тағамның сапасында жатыр. Ал сапа жайында сөз қозғағанда тамақтың қандай майда эфирленетіні күн тәртібіндегі негізі мәселеге айналады.

– Біз күнделікті тұтынып жүрген майлардың басым бөлігі химиялық өңдеуден өтеді, әрі құрамында жасанды қоспалар бар.

ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ КӘСІП

Мұндай майларды табада немесе қазанда қыздырған кезде адам ағзасына зиянды түрлі элемент бөлінеді. Сондықтан «аз ғана майға қуырдым» деген өзін-өзі алдаумен тең. Сұйық майдың мөлшерін аз айтқанымен, оның құрамындағы зиянды қоспалар жойылмайды, – дейді кейіпкер.

Иә, бүгінгі сұхбатта тамақ әзірлейтін май жайлы айтамыз. Ал қонағымыз – «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалисі, қайтарымсыз грант иегері Маржан Батыржанқызы.

Өңгіменің басы бірден жұмыс жайында болды. Сандармен, құжатпен жұмыс істеуге әбден үйренген Маржан мемлекеттік қызметтен кәсіпке бет бұрудың қиын болғанын айтты.

– Тұрақты жұмыс, жалақы, тұрақты уақыт. Танертенгілік жұмыстасың, уақытыңы түскі үзіліске шығасың, ал кешке үйге қайтасың. Міне, біз дәл осындай кестеге үйренген адамбыз. Кейін май өндірісін қолға алғанда, әрине қиын болды, – деді ол.

Кейіпкеріміздің өнімімен де таныстық. Ол «Табиғи» деп аталатын кулинарлық май шығарады. Тамақтың кез келген түрін әзірлей аласыз. Ал бұл «Табиғи» май біздің ас үйдегі майлардан неге ерекше?

– Дұрыс айтасыз, қазір әрқайсымыздың үйде сұйық май бар. Бауырсақты да, палауды да, жалпы барлық тамақты сол сұйық майда дайындаймыз. Бұл біздің үйдің де дәстүрі еді. Себебі оның зиянын көзбен көрмеген соң үздіксіз қолдана береміз.

Карантин уақытынан, яғни 2020 жылдан кейін қызмының денсаулығы күрт нашарлады. Түрлі анализ тапсырып, дәрігерлердің де есігін тоздырдық. Сол уақытта әзірлейтін тамағымызға дейін зерттеп, біраз іздендік. Біз кейде «дұрыс тамақтану керек», «майлыны азайту қажет», «енді нанды да жемеймін» дейміз. Бірақ мәселенің барлығы дайын тамақта емес, мәселе тамақтың дайындалуында екенін ұмытып кетеміз. Ал әр тағамның әзірленуі ол майдан басталады. Соны түсінгеннен кейін күнделікті қолданатын майдың орнын алмастыратын өнім іздедім. Қазір дүкен сөрелерінде ГХИ секілді майлар бар. Оларды да қолдандық. Бірақ көңілім толмайтын, – деді ол.

Оның айтуынша, бұрын әжесі күнделікті ас әзірлеуге тоң май пайдаланған. Бүгінгі балаларға тосын көрінетін бұл өнім бұрын аналар мен әжелердің асханасындағы негізгі май болған. Дәмі сәл өзгеше болғанымен, табиғилығымен ерекшеленген май тағам суығанда тоңлап қалады екен. Осы естелік біздің кейіпкерге қолдан май шығаруға итермелеген. Алғашында тоң



майды тек үй жағдайында жасап көрген. Әуелде балалар дәміне үйрене алмағанымен, кейін дайындау тәсілін жетілдіріп, түрлі тәжірибе жүргізіпті. Нәтижесінде тоңламайтын, артық дәмі жоқ, қолдануға қолайлы майдың өзіндік рецепті әзірлеген. Уақыт өте келе бұл майды отбасы тұрақты түрде тұтына бастаған.

Кейіпкердің айтуынша, дәл осы маймен дайындалған бауырсақ та өзгеше шыққан: құрғақ, жеңіл әрі жүрек айнытпайды. Мұны байқаған көршілері мен туыстары оның қандай май қолданатынына қызығушылық танытып, сұрай бастаған көрінеді. Осылайша сұраныс бойынша таныстарға да май әзірлеп бастаған. «Ол кезде бұл істі кәсіпке айналдырамын деген ой мүлдем болмады», – деп жымиыды Маржан Батыржанқызы.

Міне, денсаулық жолында 4 жыл бұрын пайда болған өнімнің сатылымда жүргеніне бір жылдан асқан. Бүгінде қызыл-ордалықтардан бөлек Алматы, Астана, Павлодар, Қостанайдың тұрғындары да пайдаланатын көрінеді.

– Сұраныс артқан соң барлық құжатты реттеп, тексеруден өткізіп, заңдастырып, дүкен сөрелеріне қоюды қолға алдық. Майдың атауы – «Табиғи». Құрамында сиырдың іш майы мен мақта майы бар. Шикізатты да арнайы келісімшарт жасалған, заңдастырылған жерлерден аламыз.

Алғашында 400, 800 және 920 гр салмақта шығардық. Бірақ тұтынушыларға 920 гр салмақтағы май өте ыңғайлы болды. Себебі біреуін толық 1 ай немесе одан да көп уақыт қолданады. Осылайша қазір тек үлкен ыдыстағы май шығарамыз.

Май өндірісімен қатар, үй жағдайында жасалатын компот, бидайдан, арпадан, жүгеріден жасалатын ашытпа, «Қытырлақ» деп аталатын қуырылған арпа шығарсақ дейміз. Жаз кезінде ақырындап қолға алдық. Енді биыл толық сатылымға шығарсақ дейміз, – деді ол.

Бұл – отбасылық бизнес. Десе де биыл жұмысқа адам алу жоспарда бар. Кейіпкеріміздің айтуынша, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасының көмегі зор.

– Кәсіп бастау, оны дөңгелету жолы әр адамда әр түрлі. Бастапқыда қиын болды. Бірақ облыстық кәсіпкерлер пала-

тасындағы білікті мамандардың арқасында жұмысымыз бір ізге түсті. Түрлі грант, конкурс пен байқау, көрмелер жайлы ақпарат алып, семинарларға қатысып, білмегенімді біліп, жаңа дүние үйрендім.

Жақында қайтарымсыз грантқа қатысып, қомақты қаржы жеңдік. Ал ол жолға дейін «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып, финалист атандық. Дәл осы жоба

біздің өніміміз одан әрі жұмыс істеуіне, дамуына, дүкен сандарын көбейтуге, өзге қалалармен жұмыс істеуімізге септігін тигізді. Енді ғана кәсіп бастап келе жатқан адамдарға қолдау, бағыт-бағдар көрсететін кәсіпкерлер палатасына, мамандарына, қызметкерлеріне алғыс білдіремін.

Осы «Бір ауыл – бір өнім» жобасы жайлы да мекеме қызметкерлерінен білдім. Финалист атанып, грантқа қатыстым. Енді жоспарда жұмыс орнын ашып, қолымыздан келгенше жұмысқа маман алу бар, – деп жоспарымен бөлісті.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы ХХ ғасырдың аяғында Жапон елінде басталғанын айта өткен жөн. Жобаның үйлестірушісі Морихико Хирамацу «Бір ауыл – бір өнім» қозғалысының көшбасшысы ретінде ауылдың экономикасын жақсарту үшін әлеуетті табиғи ресурстарды пайдалану арқылы шешімін тапқан. Қырғызстандағы ЖСБББ жобасының жетекшісі Харагучи Акихиса «Бір ауыл – бір өнім» тәсілін қолдана отырып, қолда бар жергілікті ресурстарды пайдаланып, тауарларды өндіру әдістері, өнімді жылжыту және сапаны бақылау техникасы, брендинг секілді бастамаларды қолға алған.

Жобаның басты міндеті – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік әлеуетін арттыру, яғни қолда бар жергілікті шикізатты пайдаға асыра отырып, өнім өндіру, елді мекендерде жұмыс орнын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыру. «Бір ауыл – бір өнім» жобасының қазақстандық моделі өңірлерде неғұрлым перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған.

– Әрине, кәсіп бастап, бірден қомақты табыс табу оңай емес. Бұған дейін айтқанымдай, мемлекеттік қызметтен кейін жеке кәсіпке бейімделу алғашында қиын болды. Алайда уақыт өте келе білмегенді үйреніп, тәжірибе жинайсың. Соған сай табыс та біртіндеп тұрақтала бастайды. Ең бастысы – қорықпай еңбек ету. Алдағы мақсатымыз – шағын кәсіпті жүйелі түрде дамытып, оны үлкен өндіріс орнына айналдыру. Дегенмен бұл істің түпкі мәні табыстан бұрын, денсаулықты сақтауға бағытталған, – деп қорытындылады кейіпкер.

ЖАСТАР БАСТАМАСЫ – ЭКОЛОГИЯҒА СЕРПІН

Экология, еріктілік, цифрлық технология. Бір қарағанда үш бөлек бағыт сияқты көрінгенімен, бүгінгі жастар осы ұғымдарды бір арнаға тоғыстырып, қоғамға нақты пайда әкелетін жобалар ұсынуда. Соның айқын дәлелі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, Kyzylorda Hub резиденті Шұғыла Нұрғалиеваның жетістігі. Ол «Тәуелсіздік ұрпақтары» мемлекеттік гранты аясында «Волонтерлік» бағыты бойынша жеңімпаз атанып, экологияға бейжай қарамайтын жаңа буынның үнін таныта білді.

Биыл аталған грантқа ел көлемінде 1700-ден астам өтінім түскен. Қатаң іріктеуден тек 30 үздік жоба ғана өткенін ескерсек, Шұғыланың бастамасы қатардан озып шығуы – жас буынның әлеуетін айқын көрсететін нақты дәлел. Бұл жетістік тек бір студенттің емес, Қызылорда жастарының белсенділігіне берілген жоғары баға деуге болады.

Жеңімпаз жоба – «EcoQogam» деп аталады. Бұл – экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат еткен, ойын форматында жасалған мобильді қосымша. Жобаның басты ерекшелігі – жастарды табиғатты қорғауға мәжбүрлеу емес, қызықтыру арқылы тарту.

Қосымша арқылы қолданушылар нақты экологиялық тапсырмаларды орындайды, ұпай жинайды, бейджер мен түрлі марапатқа ие болады. Сонымен қатар «EcoQogam» құрамындағы «EcoКарта» функциясы коқысты сұрыптау пунктерін, таза аймақтарды және экологиялық нысандарды оңай табуға мүмкіндік береді. Осылайша жоба экология мәселесін күнделікті өмірмен байланыстырып, саналы әрекетке жол ашады.

– Басты мақсат – жастарды экологияға бейжай қарамайтын, жауапты қоғам мүшесіне айналдыру. Табиғатты қорғау ойын арқылы да қызықты бола алатынын көрсеткіміз келеді, – дейді жоба авторы Шұғыла Нұрғалиева.


Kyzylorda Hub командасы жас стартаптердің бұл жетістігін жоғары бағалап, экологиялық бастаманың болашағына зор сенім білдіріп отыр. Мамандардың айтуынша, «EcoQogam» Қызылорда жастары үшін ғана емес, алдағы уақытта республикалық деңгейде де үлгі болатын жобаға айналуы әбден мүмкін.

Жастардың жаңашыл ойы мен нақты іске бағытталған бастамалары – ел болашағының берік кепілі. Осындай игі жобалар көбейген сайын қоғамның экологиялық мәдениеті де жаңа деңгейге көтеріле түсері анық.

Шұғыла Нұрғалиева Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алды. Кореяға алғаш аяқ басқан сәттен-ақ ерекше әсерге бөленген Шұғыла: «Бұл елдің мәдениеті, адамдары, технологиясы әлдеқайда дамыған. Мұнда бәрі тәртіппен, жүйелі түрде жұмыс істейді. Алғашқы күннен-ақ соны сездім», – деп пікір білдіре отырып, сөзін келесідей жалғады:

– Сабақтың әр бөлігіне ерекше мән беріледі. Әр тақырыпты талдап қана қоймай, міндетті түрде практикалық жұмыс жасаймыз. Ең қызығы – топтық жұмыстар жиі ұйымдастырылады. Бұл студенттердің бір-бірімен араласуына, материалды жақсы меңгеруіне көп көмектеседі, – дейді ол.

Студенттік жатақханада Шұғылаға ерекше ұнаған. Мұнда қауіпсіздік пен тазалық мәселесіне айрықша мән беріледі. Оның айтуынша, жатақханада студенттердің келіп-кету уақытына қатаң шектеу қойылмайды. Тіпті түнгі сағат 12-де де еркін қозғалуына мүмкіндік бар. Сонымен қатар жатақхана заманауи



жабдықталып, студенттердің жайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған.

Шұғыланы Корея мәдениетінен ерекше таңғалдырған жайттардың бірі – қоғамдағы жоғары тәртіп пен адамдардың бір-біріне деген құрметі. Көлікте, көшеде немесе қоғамдық орындарда әркім өз орнын сақтап, тәртіпті қатаң ұстанады. Оның пікірінше, мұндай мәдениет жалпы қоғамның өмір сапасын арттыруға ықпал етеді әрі өзгелерге де үлгі бола алады.

Сондай-ақ ол кәріс тілін базалық деңгейде меңгерген. Бұл оған күнделікті тұрмыста үлкен көмек болып отыр. Әсіресе дүкенде, қоғамдық көлікте немесе достарымен қарым-қатынас кезінде тіл білудің маңызы зор. Студенттің айтуынша, тіл үйрену жаңа ортаға тез бейімделуге, достар табуға және оқу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Шұғыла Нұрғалиеваның жетістігі – білім, технология және азаматтық жауапкершіліктің тоғысқан тұсының жарқын көрінісі. Ол экологияны цифрлық шешімдер арқылы насихаттап қана қоймай, шетелде білім алу арқылы алған тәжірибесін ел игілігіне бағыттауға ұмтылып отыр. Кореядағы оқу үдерісі мен қоғамдық тәртіптен түйгені, сондай-ақ еріктілікке негізделген «Eco-Qogam» жобасы жас буынның заманауи ойлай алатынын, жаһандық үрдістерге бейім екенін дәлелдейді. Осындай белсенді, саналы жастар көбейген сайын Қазақстанның тұрақты дамуына серпін беретін бастамалар да арта түсері сөзсіз.

**Бетті әзірлеген
Ә.ЖАНӘБЛҚЫЗЫ**



Басы 1-бетте



Осыған дейін өздеріңіз білетіндей тек аударымдар саны ескерілетін, яғни 3 ай қатарынан 100 немесе одан да көп әртүрлі тұлғадан аударым түскенде ғана кәсіпкерлік табыс белгілері бар адам ретінде күмән туғызып, тексеру жүргізілетін еді. Енді 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы қабылданған № 698 бұйрығы негізінде тағы жаңашылдық өзгеріс – жеке тұлғаның банктік шоттарында жүргізілетін операцияларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларға жатқызу үшін шекті мәннің енгізілуі. Бұл алда күқықбұзушылықтың алдын алуға үлкен көмек береді.

Өлшемшарттарқа сәйкес 1 жеке тұлғаның қатарынан күнтізбелік әрбір 3 ай ішінде 100 және одан да көп әр түрлі тұлғадан жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналмаған банктік шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыстағы ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінен асатын ақша алуы жатады.

Кейінгі өзгеріс өмірдің ең маңызды салаларының бірі – денсаулық сақтау жүйесінде болмақ. 2026 жылдан бастап Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесінде тегін медициналық кепілдендірілген көмек көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатысты ауқымды өзгерістер күшіне енеді. Бұл жаңа бастамалар 2025 жылғы 14

шілдеде қабылданған ҚР Заңымен көзделген және Мемлекет басшысының 2024 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларын орындау мақсатында жүзеге асырылу- да.

Реформаның негізгі мақсаты – Бірыңғай медициналық көмек пакетін қалыптастыру және қаржыландырудың неғұрлым тұрақты сақтандыру моделіне көшу. Бұл туралы брифинг барысында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов мәлімдеді.

МӘМС жүйесімен халықты кеңінен қамту мақсатында жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әлауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы республика бойынша шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылмақ.

Қазіргі таңда Қызылорда облысында 684 171 адам сақтандырылған, бұл өңір халқының 83,6 пайызын құрайды. Дегенмен, 134 458 адам (16,4%) МӘМС жүйесінен тыс қалды, оның ішінде 4 823 адам әлеуметтік осал санаттарға (D және E) жатады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа талаптар енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады.

2026 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАНДАЙ МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?

2026 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша диагностика мен емдеу, сондай-ақ барлық скринингтік тексерулер, оның ішінде онкоскринингтер, МӘМС мәртебесіне қарамастан тегін көрсетіледі. Сонымен қатар бірқатар созылмалы ауруларды емдеу толық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ете отырып, МӘМС пакеті аясында жүзеге асырылатын болады.

МӘМС жүйесіне уақытты қатысу – медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етудің және отбасылық бюджетті қорғаудың тиімді тетігі.

Онымен қоса 2026 жылдан бастап Қазақстанда тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысты медициналық көмек пакеттерінің құрылымында ауқымды өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер 2025 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген және бюджеттік мүмкіндіктермен үйлестірілген, азаматтарға қажетті медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік базалық медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруға бағытталған.

Аталған реформа Мемлекет басшысының 2024 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылуда. Енгізіліп жатқан өзгерістер қаржыландыру моделін негізінен сақтандыру қағидаттарына жақындатып, азаматтардың денсаулығын сақтау мен нығайтудағы ортақ жауапкершілік қағидаттарын күшейтеді.

Онымен қоса 1 қаңтардан бастап зейнетақы, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдердің мөлшері артады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында сала мамандары айтты.

– Жаңа жылдан бастап еңбек

сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10 пайызға артады. Сонымен қатар, жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 237 875 теңгеге көбейтіледі. Ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі, – деді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Алия Сламжанқызы.

– Қызылорда облысы бойынша 3293 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылғандарға және 2833 асыраушысынан айырылған жанұяға төлемдер мөлшері ұлғайтылды. Осылайша, жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің ұстауға жататын міндетті зейнетақы жорналарын қосымша есептей отырып, бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты мемлекеттік

жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды. Осыған байланысты, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызылорда облысы бойынша бұл төлем 5806 алушыға артады. Әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу 2026 жылғы 1 қаңтардағы алушылардың қосымша құжаттарды ұсынуын қажет етпейді және автоматтандырылған режимде жүргізілді, – деді Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры Гүлсім Жұмағалиқызы.

2026 жылғы реформалардың басты фокусы – цифрлық ашықтық пен әлеуметтік әділдік. Салық жүйесіндегі қатаң бақылау бюджеттің бақылануы және адал бәсекелестікке жол ашса, медицина мен әлеуметтік салалардағы өзгерістер халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Сондықтан барша кәсіпкерлерді тек кәсіпкерлік бағыттағы шотқа ғана қаражатты аудару керегін ескерте отырып, салық мәдениетін сақтауға шақырамыз.

Мерей ШӘКРАТ



Басы 1-бетте

365 КҮН: ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Бірінші қадам – өткен жылды сараптау. Өзіңізге шынайы баға беріп, жеткен жетістіктеріңіз бен жіберген қателіктеріңізді анықтау – алдағы жоспардың іргетасы болмақ. Өміріңізді бес негізгі фактор бойынша бағалаған дұрыс: отбасы, жұмыс, денсаулық, материалдық жағдай және рухани қалау. Рухани мақсаттар қосалқы көрінгенімен, адамның өмірін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын есте сақтаңыз.

Сонымен қатар өткен жылды талдау кезінде ұсақ-түйек жетістіктерді де есепке алу қажет. Көп адам «ештенге бітірмедім» деп өзін төмен бағалап жатады. Бірақ әрбір кішкене қадам – үлкен өзгерістердің бастауы екенін ұмытпаған жөн. Мысалы, үйіңізге қажетті затты сатып алу, жаңа ортаға бейімделу, жаңа таныстықтар, тіпті осы жылы оқыған кітаптарыңыздың қатары секілді қарапайым қадамдар адамның ішкі сенімін арттырып, алдағы жоспарға дем береді.

Келесі маңызды қадам – мақсат пен ниетті ажырата білу. Көпшілік «Келесі жылы табысты боламын, бай боламын, бақытқа жетемін» деп мақсат қояды. Десек те бұл – ең үлкен қателік. Мақсат – бір нүктеге байланып қалу, оған жетпесен – өкініш, жетсен – қуаныш. Алайда ұзаққа бармайтын қуаныш. Ал ниет – бағыт. Ниет еткен адам өмірдің басқа мүмкіндіктерін де көреді, ал мақсат тек нәтижеге бағдарлайды.

Ниет еткен кезде өзіңізге міндетті түрде «Бұл маған не үшін керек?» деп сұрақ қойыңыз. Кейде адам нақты затты қалағанымен, оның артында басқа қажеттілік, мысалы, мойындалу немесе қоғамның назарын аудару тұрғанын түсінбейді. Мұны түсінген

кезде, әрекеттер де бейсаналы түрде дұрыс бағытқа қойылады. Мысалы, бір танысым «қымбат көлік алғым келеді» деді. Түсінуімше оған көлік емес, мойындалу керек екен. Яғни, ол көлікті емес, сол көлік арқылы берілетін қоғамның назарын қалаған. Айтпағымыз, ниетіңіз қиыс кетсе, орындалуы екіталай...

Жоспар құрудың мәні – жүйелілік пен тәртіпті қалыптастыру. Жоспарсыз өткен күн көбіне бейберекет әрекеттермен, орындалмай қалған міндеттермен аяқталады. Күнделікті күйбен тіршілікте уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалатын сәттер жиі кездеседі. Бір қарағанда ұсақ-түйек болып көрінетін істер жинала келе үлкен салмаққа айналады. Ал жоспарлы адам әр күнін саналы түрде өткізіп, өз мүмкіндігін толық пайдаланады. Нақты жоспар адамның уақытты тиімді пайдалануға, артық энергияны шашпауға және эмоционалды тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қаржылық жоспар – жаңа жылдағы ең маңызды бағыттардың бірі. Кейбір адамдар жаңа жылды қарызыңыз қарсы алуды әдетке айналдырған. Бұл – жай ғана ырым емес. Бұл адамның өзіне бейсаналы түрде «бар ауыртпалық ескі жылмен қалсын» деп миға беретін бағдарламасы. Бәлкім ол да дұрыс түсінік. Алайда алдағы жылға жоспар құрарда мамандардың кеңесіне құлақ түріп, SMART қағидасына сай нақты және мерзімі белгіленген мақсаттар қойған жөн. Мысалы ай сайын табыстың 10 пайызын жинаққа аудару немесе бір жыл ішінде шығынды 20 пайызға қысқарту керек. Табысыңызды және шығыныңызды санаттарға бөліп жазу, артық шығынды анықтау

– қаржылық сауаттылықтың негізі. Бюджет құру үшін 50/30/20 қағидасын пайдаланыңыз: 50% негізгі қажеттіліктерге, 30% жеке қалауларға, 20% жинақ пен инвестицияға.

Көпшіліктің ішкі тілегі ұқсас келеді. Оның басым бөлігі қаржылық тұрақтылыққа жету, табысты болу, еркін өмір сүру екені жасырын емес. Бірақ «бай боламын» деген ниеттің жалғыз өзі жеткіліксіз екенін ұмытпаңыз. Ол үшін нақты жоспар, жүйелі әрекет және тәртіп қажет. Ақша мақсат емес, ол – мақсатқа жетудің құралы екенін түсіну маңызды.

Қаржы қорын қалыптастыру да шешуші рөл атқарады. Мәселен, 1 миллион теңге жинауды мақсат етіп, оны ай сайын, апта сайын немесе күн сайын жүйелі түрде жинауға болады. Нақтырақ айтсақ, күніне 2 740 теңгеден жинаңыз, ол тиімді болмаса аптасына 19 240 теңге немесе айына 83 400 теңгені жүйелі түрде жинақтау шотыңызға салып отырсаңыз мақсат еткен миллионды жинауға мүмкіндігіңіз бар. Ақшаны жинау үшін автоматты аударым орнатып, қосымша табыс көздерін қарастырыңыз және эмоциямен жасалатын артық шығыннан бас тартыңыз. Мұндай сәтте «минимализм» заңдылығына сүйену де барынша тиімді болмақ. Мәселен әлденені сатып алар сәтте «бұл зат маған дәл қазір қажет пе?» деген сұрақты өзіңізге қойып көріңіз. Сондай-ақ, ақшаны тек жинау жеткіліксіз – оны жұмыс істету қажет: банктік депозиттер, акциялар мен облигациялар, жеке бизнес немесе стартаптарға инвестиция жасау арқылы қаржылық тұрақтылықты күшейтуге болады.

Өзіңізді мақаратпауды ұмытпаңыз. Әрбір шағын жетістік – үлкен нәтижеге жетудің қадамы. Бірақ марапат жоспарға зиян тигізбеуі керек. Эмоцияны басқару – қаржылық мәдениеттің маңызды бөлігі.

Жаңа жылды жоспарлау тек қаржыға ғана қатысты емес, жеке даму, денсаулық, отбасы мен әлеуметтік қатынастар үшін де маңызды. Яки материалдық жетістікке ғана емес, рухани құндылыққа да уақыт таба білген жөн. Оның бірден-бір жолы – кітап оқу. Жүйелі түрде кітап оқуды әдетке айналдырған адам үшін кітап – білім көзі ғана емес, ойды сергітетін, ішкі әлемді байытатын серік. Жыл бойы кітап оқуды жоспарлау мен оны тұрақты әдетке айналдыру үшін бірнеше қарапайым, бірақ тиімді қағиданы ұстаныңыз. Ең алдымен, нақты мақсат қоя біліңіз. «Жылына 12 кітап оқымын» немесе «Айына бір кітап аяқтаймын» деген секілді өлшемді мақсат оқу процесін жүйелейді. Жүктеменіз тын ауыр болмауы керек, бастысы – орындалуы мен сіздің күнделікті өмір ырғағыңызға сай болуы керек.

Екінші маңызды қадам – уақыт белгілеу. Күніне 20-30 минут оқу да жеткілікті. Таңертеңгі тыныш сәт, түскі үзіліс немесе ұйқы алдындағы уақытты кітапқа арнау – оқуды тұрақты әдетке айналдырады. Уақытты нақты бекіту жүйеліліктің негізі болмақ.

Үшіншіден, кітап таңдауда әртүрлілікті

сақтаңыз. Бір ғана жанрмен шектелмей, көркем әдебиет, танымдық, өмірбаян немесе мотивациялық кітаптарды алмастырып отыру қызығушылықты жоғалтпайды. Оқыған кітабыңыз сізді жалықтырса, оны кейінге қалдырудан қорықпаңыз. Бастысы, оқу процесі ләззат сыйлауы керек.

Төртіншіден, оқығаныңызды түртіп алуды әдетке айналдырыңыз. Арнайы блокнотыңызға немесе күнделікке қысқаша ой-түйін жазу, тізім жасап отыру өзіңізді ынталандырады. Бұл әдіс оқудың нақты нәтижесін көруге мүмкіндік береді.

Кітапты жыл бойы жүйелі оқу – бір күндік әрекет емес, біртіндеп қалыптасатын дағды. Кішкентай қадамдардан басталып, нақты мақсат пен тұрақты уақыт арқылы бұл әдет өміріңіздің ажырамас бөлігіне айналады.

Өз-өзіңді зерттеу де маңызды екенін есте сақтаңыз. Жеке қасиеттеріңізді, қызығушылықтарыңызды және күшті жақтарыңызды таныған сайын мақсаттарыңыз да жаңарады. Ал жаңару өмірді саналы түрде жоспарлау, шектеу емес, мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану жолы.

Ғалымдар дәлелдеген қызықты дерекке көз жүгіртсек. Қаржылық жоспары бар адамдардың 72%-ы өз мақсатына жыл сайын жету мүмкіндігі мол екені дәлелденген. Ал ай сайынғы табыс пен шығынын жазып жүретін адамдардың 65%-ы қаржылық тұрақтылыққа тезірек жетеді екен. Сондай-ақ қаржы қорын жүйелі түрде жинағандар 5 жыл ішінде орташа табысын 2 есеге көбейтсе, мақсатын нақтылап, кезең-кезеңмен орындау өнімділікті 40%-ға арттыратыны анықталған. Ал күніне 10 минут өз-өзіне есеп беру және жоспарлау дағдыларын меңгерген адамдардың психологиялық тұрақтылығы 30%-ға жоғарылайды екен.

Статистика көрсеткендей, жоспарлы және саналы әрекет ету адамның қаржылық, психологиялық және әлеуметтік өміріне оң әсерін тигізеді. Әрдайым жылдық, айлық, апталық және күндік нақты жоспар құрып, сол жоспарға сай әрекет ету – табысты адамдарға тән басты ерекшеліктердің бірі. Нақты жоспары бар адам өз өмірінің бағытын айқын түсінеді: ол не қалайтынын, оған қашан және қалай жету керектігін біледі.

Қорыта айтқанда, жоспар – табысқа жетелейтін қарапайым, бірақ аса маңызды әдет. Өз уақытына ие бола білген адам өз өміріне де ие бола алады. Жаңа жыл – жаңа өмір, жаңа жоспар және жаңа мүмкіндік. 2026 жылды қаржылық тұрақтылық пен рухани даму, табыс пен бақыт бастауы деп қабылданыз. Бүгін жасаған шағын қадамыңыз ертең үлкен нәтижеге айналуы мүмкін. Арманыңызға жету үшін қазірден әрекет жасаңыз, мақсатқа жету жолында тұрақтылық пен жүйелілікті сақтағаныңыз абзал.

Жаңа жыл сәттілік пен табыс етсін!

Тілек ҚАБЫЛ

Ұлттық спортқа ұлтымыз жоғары

Басы 1-бетте

Ортақ мүддеге астындағы жалғыз атын беріп, өзі жаяу қалатын адамды бұрын-соңды көрдіңіз бе?! Ұлттық спортты дамытамын деп, қолындағы барын осы жолға жұмсап келе жатқан азаматты көрдік. Иә, иә, дәл солай. Жаңақорған ауданына қарасты Әбдіғәппар елді мекенінде тұратын Сламхан Боранбаевтың есімі санасында ұлттық спорт деген ұғым бар әр қазаққа жігіт таныс. Қазақ спортына, оның ішіндегі көкпар, аударыспақ, тенге ілу тәрізді спорт түрлерінен Қызылорда облысының даңқын асырып, талай шәкіртті шыңғашығарған азамат.

Ауылдың орналасқан жерін біліп ап, маңдай тіреп, тура Сламхан

Механизатор жігіттің сонда қалай қарағаны әлі күнге көз алдымда. Ол тауып отырған нанынан айырылды ғой. Арқасынан қағып, «кейін тағы бір комбайн алармыз» дедім жұбатқан болып. Бірақ ол алмайтынмды сол кезде ұққан еді, – дейді спорт жанашыры.

«Осы уақытқа дейін 17 ат өлді. Оның 12-сі – өзгелердікі, 5-еуі – өзімдікі. Былтырдан бері 8 ат кетті. Кетті деп қарап отыруға болмайды» деген Сламхан ағайдың жанарынан ұшқын көрдім. Ол шығынды есепке ілмейді, әрбір шығынды шәкірттің бағындырған шыңы жабады. Қазақ баласының мінберде тұрғаны, топты жарып, әлем төрінде әнұранды шырқатқаны – ол үшін ең үлкен бақыт.

Көкпардың жолындағы құрбан болған дүниелердің бұл бірі ғана. Санасак, саусақ жетпейді. Таяуда Алматыдағы ұлының пәтерін де сатып жіберіп, ақысын осы спорт жолына жұмсапты. Әрине, біз аталған спорттың тек материалдық бағытын ғана айтып отырмыз. Оның рухани бағыты – тым басқа.

– Ұлттық спорттың ұзын саны 12 түрі бар. Мәселен, бәйгенің өзінің үш түрі болса, одан бөлек, көкпар, аударыспақ, тенге ілу, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату да бар. Бір ғана күсбегіліктің өзінің үш түрі бар. Чемпионатқа қатысу мен бала дайындау – екі бөлек нәрсе. Баланы дайындаудың өзі – үлкен ерлік. Оның мінезі, ұстанымы бәрі әсер етеді. Жақында шәкіртіміз Әбден Днас жастар арасында аударыспақтан Қазақстан чемпионатында үшінші орын алып, мәртебемізді көтеріп тастады, – деді қуанышымен бөліскен азамат.

Тілшілер келді дегенде шәкірттерін де айналасына жия қойған Сламхан ағай сұрақтарың болса, қойындар деп кіл мықтыны шақырып алыпты. Олар әр үйдің баласы емес, бір үйдің баласындай. Тату-тәтті. Бапкерін ағай демейді, көке дейді. Онысына қызыға қарадық.

– Қазақта «Түйе байлық үшін, жылқы сәндік үшін» деген сөз бар. Сондықтан атқа мінген қазақтың баласы қандай жарасымды?! Бойындағы асқақ рухы сонадайдан менмұндалап тұрады. Біз балаға бірінші атқа мініп чемпион болуды емес, адам болуды үйретеміз. Тәрбиесіне, мінезіне қараймыз. Әр баламен әр түрлі сөйлесеміз. Келген жиырма бала жиырма үйдің еркесі. Бірінші ортаға жинап аламыз, бір-бірімен байланыстырамыз. Осы күні ең бірінші шәкірттерім қоғамның әр саласында еңбек етіп жүр. Олардың арасында кәсіпкер де, депутат та, мектепте мұғалім де, директордың



чемпионы, екі рет «Көшпенділер» ойынына қатысты. Екеуінде де жүлделі II орынды еншіледі. «Әлем» кубогы, «Азия» кубогы тәрізді олжаны қанжығаға байлағандар көп.

Расымен, Сламхан ағаның топжарғандары жетерлік. Нұрлыбек этно спорттан бірінші мәрте өткізілген Түркия қаласындағы байрақты бәсекеде тенге ілуден I орынның биігіне шықты. Тағы бір шәкірті Ақайдар Дәулет – ұлттық құрама сапында шабуылшы. Қазір Дәулет те шәкірт тәрбиелеп жүр.

– Біз бағыт-бағдар береміз, ақшасын тауып береміз. Қалғаны – осы жігіттердің мойнындағы жүк. Қазір 8 бапкер бар. Қосымша, атбегі мен ветеринар мамандарын алдық. Маман көп рөл атқарады. Өйтпесе, ұлттық спорт өте қиын. Атты бағу керек, әбден семіртіп алып, қайта аздыру керек. Қолға үйрету керек. Көкпарға жалпы 12 ат керек. Соның бәрі үйретілген болады. Ал біздің бастаманың тарихына келсек, 2005 жылы Жаңабай деген ағам алғашқы балаларды жинап көмектесті. Бірінші команданы жасақтап шығардық, бірінші шыққанда ұтып алдық. Алдымен көкпардан бастап, кейін тенге ілу мен аударыспақ, жамбы ату қосылды, – дейді спорт жанашыры.

Сламхан ағайдан тәлім алуға ынталы жастар маңайдағы ауылдардан келеді. Олардың әрбірінің арманы – асқақ, мақсаты – биік. Талпынғанның тау асатынын, алыптармен таласатынын алғаш көргенде-ақ танитын бапкердің әрбір шәкірті – өз алдына бір-бір жаттықтырушы. Болмысы бөлек баланы танып, қабілетіне қарай жолға салатын ұстаз әр сайыста әртүрлі қиындық болатынын, оған төтеп беру керекін еске салды.

– Алматы қаласында «Ұлы дала жорығы» атты жарыс өтті. Бұрынғы астаналар мен бүгінгі астананың басын қосқан дүбірлі дода болды. Ойын болатыннан бір күн бұрын жолға шықтық. Бірақ, біз жеткен бойда атты байлап үлгермей жатып, Қызылорда мен Астана ойнайтынын хабарлады. Ат жүргенде 6 сағат жүріп, 6 сағат тоқтау керек. Заңы солай. Біз сағат 10-дарда түсіп, 11-де ойнап кеттік. Олар денесін де жинап үлгерген жоқ. Осындай жағдайлар да кездеседі. Жаңақорға ауданынан ұлттық құрамаға жылына 20-25, кейде 10-15 бала қосамыз. Соңғы 4 жылдың ішінде бала қоса алмаған жағдай болған емес. Ұлттық спортты дамыту үшін біріншіден жер керек. Өзінің талаптары бар соған сай болу керек. Су, газ бәрі қамтылу керек. Ұлттық спорттың ішінен біз 12 спорт түрін қамтамасыз ете аламыз. «Тоғызқұмалақ», «Бәйге» секілді. Бірақ, оның бәріне жағдай жасалу керек, – дейді ұлттық спорт жанашыры.

Спорт ардагері, спорттың қазақ күресі, дзюдо және ауыр атлетикадан Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Садық Мұстафаев ұлттық спорттың мінберге шығып, өз бағасын алуы керекін айтады.

Сламхан ұстаздың шәкірттері жамбы атудан 5 алтын, 2 күміс, 2 қола алды. Индонезиядан Әлем чемпионатынан қола жүлдені иеленді. Әлем кубогында I орынды қанжығаға байлады. Тұтас бір облыстың халқын алақандай ауылда отырып, қорғап жүр. Облыс дейміз-ау, оның арғы жағында байтақ республиканың аманаты тұр.

Дәулет Ақайдар:

– Мен 10-сыныпта атқа мініп үйрендім. Содан бері ұлттық спорттың бел ортасындамын. Чемпионаттардан жүлделер алып жүрмін. Бүгінде спорт шеберімін. Ұлттық спорт өзіме ұнайды. Қызығушылық танытып, бірге дайындалсақ, үйретіңізші деп айтатын жастар жетерлік. Жасөспірімдер арасында чемпионатта 3 рет екінші орынды иелендім.

Нұрлыбек Асқаров:

– Бұл спортқа 2016 жылы келдім. Қазіргі таңда 10 жыл болды. Ұстазымыздың арқасында біршама жетістікке жеттім. Азия чемпионы атандым. Мен үшін көкпар – ең мықты спорт түрі. Көкпар арқылы қазақ екеніңді сезінесің. Әсері басқа болады. Өзіңді еркін сезінесің. «Қазақтың әр баласы аттың үстінде жүрсе» деймін.

Ғалымжан Өміртай:

– Мен 2017 жылдан бері спортпен айналысып келемін. Қазір 18-ге толдым. Алғаш рет ат үстінде садақ атудан Тараз қаласында бақ сынадым. Ал 2018-де Петропавлда барып, үшінші орын алдым. 2019 жылы Тараз қаласында бірінші орын алдым. 2020 жылы Жаңақорғанда өтті. 2019 жылы бірінші рет Әлем чемпионатына қатысып, екінші орынды еншілегенім бар. Садақ атуға қызығушылығым бала күнімнен туындады. Міне, содан бері осы спорт түрін жанымға жақын көремін. Қазақстанда осы спорт түрінен спорт шебері атағын бірінші болып қорғап шықтым.

Сламхан ағайдың шәкірттері алған шың мен асу – бір атанға жүк болардай. Елдің аманатын аркалап, әлемдік долларда шашасына шаң жұқпас жүйріктердің сапында келеді. Қоржынға салған олжалары да жетерлік. Тіпті, облыстың әр ауылында қазақ жастарын ұлттық спортқа баулып, рухы мықты, сағы сынбайтын жастарға бағыт беріп, жолға салуда оның әрбір шәкірті мықты бапкер болатын тәрізді. Сонда ұлттық спортқа бейімі бар, бірақ тұншығып жүрген таланттар да топ жаратыны анық.

– Айтар ем деген ойларыңыз қалып қойған жоқ па? – дедім кетіп бара жатып. Ал ол болса терең ойға шомды.

– Өзің үшін емес, елің үшін еңбек ет. Спорт, оның



– Ұлттық спортты олимпиадалық спорт түрімен теңестіру керек. Олимпиадалық емес спорт түрлеріне қолдауды азайтқанмен, ұлттық спортқа басымдық берілген жөн. Қазақ барда ұлттық спорт түрлері де жасай береді, – деді Садық Шоңмұрыңұлы.

ішінде ұлттық спорт жаныңды салып жүріп, барынды беріп жүріп әрекет ететін сала. Ал ұлттық спортта жүрген жанның рухы қашан да биік, – деді ол.

Қазақтың қанында бар спорттың қашан да төрде тұратынына тағы бір мәрте көзім жетті.

Дәулет ҚЫРДАН



ағайдікіне тарттық. Кең сарайдай үйдің алдына өзі шығып, қол бұлғап күтіп алды. Тұрпаты бөлек, тұлғасы ерек жан екен. Ә дегеннен ұлт мүддесі, қазақтың қанында бар қасиеттер жайына тоқталды. «Әр қазақ менің жалғызым» дейтін азамат тура осындай болсашы...

– Көкпарға арнайылап берілген ат жоқ. Сонан соң қарапайым халықтан осы жарайды-ау деген атын сұрап аламыз. Түрлі жағдай болуы мүмкін, жарақат алуы мүмкін немесе ат өлуі мүмкін. Сондағы бар жауапкершілікті өз мойныңа алып, атын жалға аласың. Талай атты өлтіріп алып, құнын өтедік. Өзімнің жеке шаруашылығым болатын. Шаруашылықтардың шөбін ақыға орып жүрген комбайным болды. Бірде алқапта шөп орып жүрген комбайнды сатып жібердім.

орынбасары да бар. Соған қарамастан, олар әлі күнге ат үстінде. Өткенді еске алып, кездесіп отырамыз. Біз балаларды кез келген жағдайға дайындап аламыз, – деді бапкер.

Көкпардың аты бөлек болады екен. Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ деп кез-келгенін міне сап шауып кетпейсің. Содан соң жылқыны 3 позиция бойынша таңдайды. Кәдімгі футбол, волейбол секілді. Бірінші қорғануға, сосын шабуылға 4 ат, кейін жекпе-жек аты дайындалады. Олардың әрбірі жүректі, мықты болуы керек.

– Міне, менің жанымдағы жігіт – Асылбек Әуезов. Ол – менің алғашқы оқушым. Жаттықтырушы, жарыстарда төрешілік қызмет атқарады. Оқушылармен дамып келе жатырмыз. Ал Нұрлыбек Асқаров – жастар арасында Азия

ЖАСТАР ЖЫЛДЫ ТҮЙІНДЕДІ

Жылқы жылын үлкен үмітпен күтіп алдық. Өткен 365 күнде Сыр жастарының жеткен жетістіктері жоғары. Ендігі барлығын қорытындылап, алдағы жылға жоспар жасайтын уақыт жетті. Соған сәйкес жуырда Қызылорда облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жастардың бастамасы: даму мен серпін» атты облыстық жастар форумы өтті.

Басқосуға Қызылорда облысының белсенді жастары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, аудандық жастар ресурстық орталықтарының басшылары, сондай-ақ жастар саясаты саласының үздіктері қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – жастардың бастамаларын қолдау, олардың қоғамдық өмірге белсене араласуына ықпал ету, көшбасшылық қабілетін дамыту және мемлекеттік басқару мен цифрлық технологиялар саласындағы білімін кеңейту болды. Сонымен қатар жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, заманауи бағыттарға бейімделуіне жағдай жасау көзделді.

Форум жұмысы екі секциялық бағытта ұйымдастырылды. «Жастар және мемлекеттік басқару: Болашақ көшбасшылары» тақырыбындағы І секцияда қатысушылармен тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметтің маңызы мен жастардың басқару жүйесіне араласу мүмкіндіктері талқыланды. Басты спикер облыстық

жастар ресурстық орталығының директоры Алиби Төлепбергенұлы болды. Ал екінші «Жасанды интеллект: Киберқауіпсіздік» атты секцияда IT саласының өзекті мәселелері мен жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру жолдары қаралды. Мұнда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Нұрбек Әділбаев пен Нұрбол Оңалбаев спикер болды.

Шараға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, жас кәсіпкер Нұрдаулет Болатбекұлы, «Салауатты өмір сақшылары» қозғалысының жетекшісі Нұрқанат Алдаберген, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша жетекшісі Елена Пак, «Студенттер Альянсы» ҚОФ төрағасы Расул Базарханұлы және 2025 жылдың «Күміс домбыра» иегері, ақын әрі жыршы Бексұлтан Орынбасар арнайы қатысты.

Форум соңында жастар саясаты саласында белсенділік танытқан бірқатар жас марапатталып, шара әсерлі гала-концертпен қорытындыланды.

Аталған форум жастар арасында жаңа идеялар мен серпінді бастамалардың дамуына жол ашып, аймақтағы жастар қозғалысының жандануына үлес қосты.

Айта кетейік, пленарлық отырыс барысында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға үлесін қосқан бірқатар белсенді жас арнайы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және Қызылорда облысы әкімінің Жастар және отбасы істері комитетінің алғыс хатымен марапатталды.

БЕЛСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Жылды қорытындылап, жастардың жыл бойы еңбегін елеп, марапат мінберіне көтергендер қатарында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» ЖҚ Қызылорда облыстық филиалы да болды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында өткен шараға «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, түрлі сала өкілдері мен белсенді жастар қатысты.

Шара ұйымның жыл бойы жасалған жұмыстарына қатысты арнайы роликпен бастау алды. Мұнан соң «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Нұртайұлы кешті ашып, жастарға ризашылығын білдірді.

– Сыр жастарына деген сенім қай кезде де жоғары. Сол секілді қойылатын талап та аз емес. Себебі бүгінгі жас ертенгі елдің келешегі. Сондықтан біздің жастар осал болмауы қажет. Осыдан 13 жыл бұрын мен жастар саясатында жүрген уақытта облыстық филиал «Үздік» атанған болатын. Ал жуырда ғана Әсетхан Баймұрза бастаған біздің белсенді жастарымыз ұзақ жылдан кейін бізге сол жетістікті қайта сыйлап отыр. Бұл үлкен еңбектің нәтижесі. Ал біздің тараптан әрдайым жастарға қолдау болады. Келе жатқан мерекемен құттықтаймын. Әр шаңырақта қуаныш пен береке болсын, – деді ол.

Жуырда Астана қаласында «Жұмысшы жастар аманаты» атты республикалық форум өткен болатын. Аталған форумда елімізден іріктелген 10 жұмысшы маман ғана марапат төрінен көрінді. Ол – Абылай хан атындағы жоғары колледжінің өндірістік шебері Жансая Абдуллаева. Арнайы ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы

Ерлан Қошановтың «Құрмет грамотасымен» марапатталған жұмысшы маманды Жандос Нұртайұлы арнайы марапаттап, ризашылығын білдірді. Сол секілді арнайы келген Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Мұхамедәліұлы лебізін білдіріп, Сырдария және Арал ауданын «Үздік белсенді аудан» номинациясымен марапаттады.

«Жастар Рухы» Жастар қанатының жыл бойы шараларға бірлесе атсалытқан серіктері бар. Солардың барлығы осы кеште марапат төрінен көрінді. Нақтыласақ, облыстық мәслихат депутаты Мақсұт Нәлібаев пен Ержан Искендер және қалалық мәслихат депутаты Рүстем Ізтілеуов «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ, Есірткіге қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы, Көліктегі полиция департаменті Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімі, «Grand Master» бағдарламалау мектебі, «Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ, қалалық «Qosyl» жастар ресурстық орталығы КММ және 125 Quzy-lorda 1 мектебін «Үздік әріптес» номинациясымен марапаттады.

Сонымен қатар «Жастар Рухы» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Қазиханұлын Байқоңыр, Қазалы және Жалағаш аудандарына «Белсенді қызметі үшін» номинациясын табыстап, арнайы статуеткалар үйлестірді.

Кештің басты марапаты – «Үздік оқу орнындағы бөлімше» мен облыстағы «Үздік аудандық бөлімше». Жыл бойы жұмыстың нәтижесінде Қызылорда медициналық жоғары колледжі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Жаңақорған мен Шиелі аудандық бөлімшелері лайық деп танылды.

Ал «Жастар Рухы» ЖҚ-ның жыл белсендісі номинациясын мыңдаған белсенді арасынан үздік болған Қарақат Спартакқызы мен Ерұлан Алматылы иеленді. Кеш соңында жастар ән салып, күй орындап, естелік суретке түсті.



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЖЕҢІС, ЕҢБЕК, НӘТИЖЕ

Өнер орталығында 2025 жылды қорытындылауға және жаңа 2026 жылды қарсы алуға арналған мерекелік іс-шара өтті. Ескі мен жаңа жылдың тоғысындағы тағылымды басқосуда өңірдің дамуындағы маңызды нәтижелер сараланып, жыл бойы атқарылған ауқымды жұмыстар мен жарқын жетістіктерге шолу жасалды. Береке мен бірлікке, еңбек пен табысқа толы жылды түйіндеген бұл салтанатты жиын Сыр өңірінің алдағы белестеріне деген сенімді арттырды.



Мерекеліс іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары

Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы осы жылы өңірде жүзеге асқан жобаларға, қолға алынған бастамаларға, жарқын жетістіктерге тоқталды. Өз сөзінде Нұрлыбек Машбекұлы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орында екенімізді жеткізді.

– 2025 еліміз, өңіріміз үшін тарихи-саяси маңызды оқиғаларға толы, табысты жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы облысымызға арнайы жұмыс сапарымен келгенде әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған істерімізге оң бағасын берді. Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы жұмыс жасайтын үшінші Президенттік кітапхананың Қызылордада салынып айтты. Бұл бастаманы барша Сыр жұртшылығы зор қуанышпен қабылдады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен аймағымызда жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындамыз.

Бірер күннен соң жақсылықпен, жақсы үмітпен халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын жылқы жылын қарсы аламыз. Жаңа жылда игі істеріміз жалғасын тауып, кен байтақ елімізге молшылығы мен тоқшылығын, қасиетті жерімізге бақ-берекесін алып келсін! Жаңа 2026 аймағымызды толайым тайыстардың төріне шығаратын жыл болғай! – деді облыс әкімі.

Артта қалған жыл Сыр өңірі үшін мандай тер мен табыстың, қажырлы еңбек пен нақты нәтижелердің жылы болды. «Жұмысшы мамандықтар жылы» шеңберінде әр салада ерен еңбек еткен азаматтардың еңбегі ескеріліп, олардың бірқатары жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды. Сонымен қатар «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Премьер-министрдің Алғыс хаты, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Осы жыл білім саласы мамандары үшін де жеңісті, жемісті жыл болды. Елде 2012 жылдан бері «Үздік педагог» республикалық байқауы дәстүрлі түрде өтіп келеді. Осы уақыт ішінде Қызылорда облысынан 41 мұғалім жеңімпаз атанды. 2025



жылы облыстан 4 педагог республикалық, 6 ұстаз облыстық кезеңде үздік деп танылды. Қорытынды іс-шарада оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсеткен шығармашыл мұғалімдерге облыс әкімінің қолдауымен бір реттік сыйақы беріліп, «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Сонымен қатар жыл бойы өз саласында жоғары нәтижеге қол жеткізген әр саланың үздіктеріне арнайы номинациялар табысталды.

Мерекелік іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбек Ш.Гуноның «Ромео мен Джульетта» операсынан Джульеттаның вальсін, «Бақыт вальсін», И.Штраустың «Вена орманының ертегілері» шығармасын орындады.

Бетті әзірлеген А.ЖОЛТЕРЕК

– Ақбота, «Агау kids» – тек орталық емес, мындаған ата-ана үшін үмітке айналған мекен. Балаларды оңалту саласында бұрыннан тәжірибеніз бар ма? Бұл бағытта орталық ашуға не түрткі болды?

– «Агау Kids» орталығын ашуға түрткі болған ең басты себеп – Қызылорда қаласында балаларға арналған барлық оңалту қызметінің бірізді болмауынан. Яғни барлық қызмет түрін бір орталықтан таба алмайсың. Көптеген ата-ана баласының болашағы үшін қала ішінде бір маманнан екіншісіне сабылып, уақытын да, күш-жігерін де сарп етіп жүргенін көзімізбен көрдік. Бұл – тек уақыт шығыны ғана емес, ата-анаға да, балаға да үлкен психологиялық әрі физикалық салмақ.

Иә, біз бұл салаға кездейсоқ келген жоқпыз. Бұрын бұл салада кәсіби түрде жұмыс істемегенімізбен, ата-аналардың жанайқайын, нақты қажеттілігін сезіне алдық. «Балама не керек?», «Қайда апарамын?», «Бәрі бір жерде болса ғой...» деген сауалдар бізді ойландырмай қоймады. Сол себепті біз балаларға қажет барлық қызметті бір орталыққа жинақтаған, ата-аналар үшін барынша қолайлы, ал балалар үшін жылы ұядай жайлы орта қалыптастыруды мақсат еттік.

Бүгінде «Агау Kids» – жай ғана оңалту орталығы емес. Ол – баласының болашағына алаңдаған әр ата-ананың үміті мен сенімі тоғысқан мекен. Бұл – әр баланың мүмкіндігіне жол ашатын, әр ата-ананың жүрегіне тыныштық сыйлайтын орта. Біз үшін ең үлкен жетістік – ата-ананың алғысы мен баланың жарқын күлкісі.

Ақбота ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ:

ҮЛКЕН МАҚСАТ КІШКЕНТАЙ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ

– Білуімізше, сіз – зангерсіз. Құқық саласындағы білім мен тәжірибе бүгінгі әлеуметтік кәсіпкер ретіндегі қызметіңізге қалай әсер етті?

– Зангерлік білім мен үшін үлкен мектеп, қызметімдегі берік тірек болды. Құжатпен сауатты жұмыс істеу, әр істің жауапкершілігін сезіну, жүйелі ойлау мен әділдік қағидаттарын ұстану – мұның барлығы бүгінгі кәсібімде тікелей пайдасын тигізіп отыр. Әсіресе әлеуметтік кәсіпкерлік саласында заңды дұрыс жүргізу, ата-аналардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік бағдарламалармен ашық әрі заң аясында жұмыс істеу аса маңызды.

Талайды көрдік. Қаншама жыл тәжірибеден кейін түсінгенім: бір істі білмей қалсаң, сол алдына айналып қайта-қайта келе береді екен. Сол басты проблемаңа айналады. Оны шешпейінше тыным таппайсың. Заңнан хабарың болмаса да сол. Өкінішке қарай, бұл салада заңды терең білмей, асығыс қадам жасап, кейін түрлі қиындыққа тап болған кәсіпкерлер де аз емес. Кейбірі құжаттағы олқылықтың кесірінен жобасын тоқтатуға мәжбүр болса, енді бірі ата-аналардың сенімінен айырылып жатады. Осындай жағдайларды көре отырып, зангерлік сауаттың тек артықшылық емес, қажеттілік екенін терең түсіндім.

Зангерлік тәжірибе маған бизнесті жай ғана жүргізуді емес, сенімге негізделген, әділ әрі тұрақты жүйе құруға мүмкіндік берді. Себебі

әлеуметтік кәсіпкерлікте басты капитал – пайда емес, адам тағдыры мен ата-ананың үміті. Ал ол үміт заң мен әділдікке сүйенгенде ғана ақталады деп сенемін.

– «Агау Kids» орталығында ДЦП, аутизм, ЗРР секілді диагноздары бар балалармен жұмыс істеледі. Осындай күрделі тағдырлармен күнделікті бетпе-бет кездесетін мамандарға қандай талап қоясыз? Жылына қанша бала ем алады? Ұжымда қанша адам қызмет етеді?

– Біз үшін ең басты талап – маманның кәсіби білімімен қатар, жүрегінің кендігі мен жауапкершілігі. Әрине, диплом, тәжірибе, әдістеме – міндетті. Алайда баланы шын түсініп, оның ішкі әлеміне үңіле білу, сабырмен, мейіріммен махаббатқа сүйеніп жұмыс істеу – бәрінен биік тұрады. Себебі бұл салада құрғақ теория емес, адамгершілік пен жан жылуы шешуші рөл атқарады.

тоқтап қалмаймын. Өйткені қолымдағы мүмкіндікті пайдаланғым келеді. Бәлкім бұл менің миссиям шығар.

– Іскер әйелдер қауымдастығының кураторы ретінде қазіргі жас кәсіпкерлерге қандай баға берер едіңіз? Олардың басты әлсіз тұсы мен негізгі күші неде деп ойлайсыз?

– Қазір жас кәсіпкерлердің әлеуеті жоғары, арманы асқақ, амбициясы берік. Олар технологияны тез меңгереді, жаңа трендтерді жылдам қабылдайды, өзгерістен қорықпайды. Креативті ойлау, жеке бренд қалыптастыру, цифрлық құралдарды еркін қолдану – олардың сөзсіз күшті тұсы. Бұл – бүгінгі заман талап етіп отырған қабілеттер.

Алайда осы күштің көлеңкесінде бір әлсіздік те бар. Көптеген жас кәсіпкер бизнесті енді бастап жатып, бірден пайда күтеді. «Бір-екі айда нәтиже көрмесем, демек бұл жол менікі емес» деген ойға тез беріледі. Ал шын мәнінде, бизнес – тез байып кететін жол емес, ол – ұзақ тынысты, сабырмен еңбекті талап ететін жүйе. Бұл жолда нәтиже бірден келмейді, кейде еңбегіңнің жемісін жылдар бойы күтесің.

Бизнес – тек идея емес, күнделікті тәртіп, үздіксіз ізденіс, қателіктен қорықпай қайта тұра білу. Ерінбеу, тоқтамау, «бүгін үйрендім, ертең жетілдірем» деген ішкі талап болмаса, ешбір жақсы бастама алға баспайды. Жаңашылдыққа құмарту да тек тренд қуалау емес, оны терең түсініп, өз ісіңе бейімдей білу екенін ұмытпау керек.

Менің айналадағылардың басым бөлігі кәсіпте жүргендер. Солардың ішіндегі жас буынға әрдайым мынаны айтып отырамын: бизнес – марафон. Мұнда ең жылдам жүгірген емес, ең шыдамдысы жеңеді. Ал олардың ең үлкен күші – дәл осыны түсінген сәттен басталады. Себебі әлеует пен еңбек қосылған жерде ғана тұрақты нәтиже пайда болады.

– «The One System» бизнес-клубы туралы айтып беріңізші. Клубтың мақсат-міндеттері қандай?

– «The One System» – бұл тек бизнес-клуб емес, ойлау жүйесін, басқару мәдениетін және кәсіпкерлік көзқарасты қалыптастыратын орта. Клубтың негізгі мақсаты – кәсіпкерлерді жүйелі ойлауға үйрету, бизнесті хаостан жүйеге көшіру және тұрақты өсімге жеткізу. Ал міндеті – кәсіпкерлерге тек шабыт пен мотивация берумен шектелмей, нақты нәтижеге жеткізетін жүйелі басқару құралдарын ұсыну. Өйткені бизнес интуициямен ғана емес, тәртіппен, есеппен, дұрыс құрылыммен дамиды. Осы жолда клуб кәсіпкерлерге өз ісіне сырт көзбен қарап, процестерін жүйелеуді, шешім қабылдауда салмақты болуды үйретуді мақсат етеді.

Сонымен қатар тәжірибелі менторлар арқылы теория мен практиканы ұштастыру – клуб жұмысының өзегі. Себебі кітаптан немесе курстан алынған білім тәжірибемен бекімесе, ол толық іске аспайды. Менторлар өз жолынан өткен, қателескен, қайта тұрған жандар ретінде қатысушыларға тек дайын формуланы емес, шынайы тәжірибені, өмірлік сабақтарды ұсынады.

Клубтағы тағы бір маңызды бағыт – сенімді нетворкинг қалыптастыру. Бұл – тек таныстық алмасу емес, бір-бірін түсінетін, қолдайтын, қажет кезде тірек бола алатын орта құру. Мұндай ортада бәсеке емес, серіктестік алдыңғы орынға шығады. Өйткені кәсіпкерлік жолда жалғыз жүру қиын, ал орта бар жерде адам да, идея да өседі.

Сонымен бірге клуб қатысушылардың тек кәсіби емес, жеке дамуына да ерекше мән береді. Өйткені бизнес иесінің ішкі әлемі, ойлау жүйесі мен құндылықтары өзгермейінше, іс те ұзаққа бармайды.

Өзін тану, жауапкершілікті сезіну, шешім үшін жауап бере білу – табысты кәсіпкердің ажырамас қасиеттері.

«The One System» аясында біз бизнеске бір реттік табыс көзі ретінде емес, ұзақ мерзімді, құндылыққа негізделген жүйе ретінде қарауды үйретеміз. Себебі бүгін пайда әкелген іс ертең құндылықсыз қалса, оның ғұмыры қысқа болады. Ал құндылыққа сүйенген, жүйелі құрылған бизнес уақытпен бірге өсіп, қоғамға да, адамға да пайда әкеледі.

– «Сырдарья group» қоғамдық қоры туралы айтып беріңізші.

– «Сырдарья group» қоғамдық қоры – әлеуметтік жауапкершілікті басты орынға қоятын, нақты көмекке бағытталған ұйым. Қордың негізгі мақсаты – ерекше қажеттілігі бар балаларды, әлеуметтік осал топтағы отбасыларды қолдау және қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру.

Бүгінде қайырымдылық атауын жамылып, біреудің қайғысынан олжа көретіндер де аз емес. Алаяқтардың да саны артып, өкінішке қарай, бұл құбылыс қорлар саласына да кіріп үлгерді. «Көмектестім» деп жариялап, соның «рақметін» талап ететін, не болмаса қайырымдылықты жеке пиардың құралына айналдыратын адамдар жетіп жатыр. Мұндай жағдайлар шын мұқтаж жандардың да, халықтың сеніміне де сызат түсіреді.

Сондықтан біз үшін ашықтық пен адалдық – басты қағида. Қор арқылы жүзеге асатын әрбір жоба, әрбір көмек нақты жоспарға, есепке және нәтижеге сүйенуі тиіс. Біз бір реттік акциямен шектеліп қалмай, ұзақ мерзімді нәтиже беретін жүйелі қолдауға басымдық береміз: тегін оңалту бағдарламалары, акпараттық кездесулер, әлеуметтік жобалар соның дәлелі.

Қайырымдылық – даңқ емес, жауапкершілік. Ол алғыс сұрауды емес, үнсіз еңбек етуді талап етеді. «Сырдарья group» қоры осы қағиданы берік ұстанып, шынайы көмек көрсету жолынан таймауды мақсат етеді.

– Ақбота, сұхбатымызды оқып, «осы кісі секілді болғым келеді» дейтін жастардың қатары көбейері анық. Соларға бір ауыз кеңес берсеңіз: өз ісін бастағысы келіп, бірақ қорқыныш пен күмәнге жиі берілетіндер неден бастау керек?

– Ең алдымен, өзіңізге сенуден бастау керек. Қорқыныш пен күмән – бәрінде болады, ол сіздің әлсіздігіңіз емес, керісінше, жауапкершілікті сезінетініңіздің белгісі. Үлкен мақсаттан емес, кішкентай қадамнан бастаңыз: үйреніңіз, сұраныңыз, қателесіңіз, қайта тұрыңыз. Ең бастысы – «кейін» деп жүріп, арманды кейінге қалдыра бермеу керек. «Еріншектің ертеңі бітпейді» деген даналық сөз бар. Егер ертеңге сеніп жүре берсеңіз, сол күннің тумай қалуына кім кепіл? Әрине, құдай сақтасын. Алайда жүрегіңіз бір іске тартып тұрса, демек ол белгі. Әр бастама батылдыкпен емес, ниеттен басталады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСТАН БІР ҮЗІК

Жақында ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Асламбек Мерғалиевтің қатысуымен сот төрелігін жүзеге асыру қорытындыларына арналған жоғары сот органының кеңейтілген кеңесі өтті.

Кеңес жұмысына ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев, Жоғары сот кеңесінің төрағасы Дмитрий Малахов, Жоғарғы соттың сот алқалары мен сот әкімшілігінің, кассациялық, облыстық және оларға теңестірілген соттардың басшылығы, сондай-ақ республика судьялары қатысты.

Жоғарғы соттың сот алқалары төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина, Аслан Түкиев, сондай-ақ сот әкімшілігінің басшысы Нәиль Ахметзакиров сөз сөйледі. Жоғарғы сот төрағасы осы жылдың басты оқиғасы ретінде Президенттің тапсырмасымен дербес кассациялық сатының құрылғанын

бойынша 8 пайыздан 29 пайызға дейін өсті. Әкімшілік істер бойынша қайта қарау көрсеткіші тұрақты.

Азаматтық сот ісін жүргізу туралы айта келе, Асламбек Мерғалиев талап қоюлар мен материалдар санының 27 пайызға, яғни 1,3 миллионнан 1,6 миллионға дейін артқанын атап өтті. Аяқталған істер санының көбеюі және талап қоюлардың қанағаттандырылу деңгейінің жоғары болуы сот жүйесінің сұранысқа ие екенін және даулардың уақытылы шешілетінін көрсетеді. Қаралған 276 мың медиабельді істің 46,3 пайызы баламалы тәсілдермен реттелсе, 266 мыңнан астам іс жеңілдетілген тәртіппен қаралған. Қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке айыппау істерін есепке алмағанда, ақтау үкімдерінің саны 30 пайызға артты. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану, соның ішінде түзеу және қоғамдық жұмыстар, шартты соттау кеңінен қолданылған. Амнистия аясында 338 адам жазадан босатылып, 5 мыңнан астам сотталғанға қатысты жаза қолданылмады, 8,6 мың адамның жаза мерзімі қысқартылды.



атап өтті. Жұмыстың алғашқы бес айында кассациялық соттар 14 мыңнан астам шағым мен наразылық тіркеді, ал жылдың бірінші жартыжылдығында Жоғарғы сотқа 9,7 мың кассациялық өтінішхат келіп түскен. Өтініштер санының 45 пайызға өсуі кассациялық қайта қараудың жаңа моделіне процестің қатысушылары тарапынан жоғары сенім бар екенін және оның практикалық маңызын көрсетеді.

Сот актілерін түзету үлесі де едәуір артқан. Азаматтық істер бойынша 3 пайыздан 18,5 пайызға дейін, қылмыстық істер

Қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішхаттар үлесінің де азайғаны атап өтілді. Мысалы биыл мұндай өтінішхаттардың 62,5 пайызы қолдау тапты. Сонымен қатар ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану 81 пайызға артқан. Электрондық білізектер 2110 адамға қолданылды. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы өтінішхаттарды қанағаттандыру деңгейі 30,9 пайыздан 38,9 пайызға, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша 52,9 пайыздан 53,9 пайызға өскен. Әкімшілік талап қоюлардың жалпы саны артқанымен, даулардың жекелеген санаттары бойынша мемлекеттік сатып алулар, бәсекелестікті қорғау және басқа да салалардағы заңнамаға енгізілген өзгерістерге байланысты олардың азаюы байқалады.

«АЖ-ақпарат»

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтық мемлекет қағидаттары сот билігінің тәуелсіздігін, заң мен сот алдындағы теңдікті, сондай-ақ әрбір адамның әділ сотқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз етуді көздейді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сот ісін жүргізуде бұл қағидаттардың сақталуы ерекше маңызға ие, себебі әкімшілік істердің басым бөлігі азамат пен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастардан туындайды.



ӘДІЛ СОТТЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Осы контексте аумақтан тыс соттылық институты сот төрелігінің бейтараптығын, объективтілігін және тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды процессуалдық механизм ретінде көрініс табады. Судьялық тәжірибеде бұл институтты қолдану қоғамның сотқа деген сенімін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Аумақтан тыс соттылық – әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі оны қарауға жалпы аумақтық құзыреті бар соттан басқа, өзге өңірдегі соттың қарауына беру мүмкіндігі. Бұл тетік істің әділ әрі бейтарап қаралуына күмән туындаған жағдайларда қолданылады.

Әкімшілік істердің көпшілігі құқық бұзушылық жасалған жер бойынша қаралатыны белгілі. Алайда заң шығарушы бұл қағиданың абсолютті емесітігін ескере отырып, сот төрелігінің негізгі қағидаттарын қорғау мақсатында аумақтан тыс соттылық мүмкіндігін енгізді. Оның басты мәні – соттың формалды тәуелсіздігін ғана емес, нақты, шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Сот практикасы көрсеткендей, аумақтан тыс соттылық, әдетте, келесі жағдайларда қолданылады: істің қатысушыларының жергілікті мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен немесе ықпалды құрылымдармен тығыз байланысы болған кезде; құқық бұзушылық қоғамда үлкен резонанс тудырған жағдайда; істі қарау барысында судьяның немесе сот құрамының бейтараптығына күмән келтіретін объективті

негіздер болған кезде; процесс қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туындағанда.

Бұл жағдайларда істі басқа өңірдегі соттың қарауына беру – соттың тәуелсіз шешім қабылдауына қолайлы жағдай жасайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сот судьясы ретінде айта кетерлік жайт – сотқа деген сенім тек қабылданған шешімнің заңдылығымен ғана емес, оның қалай қабылданғанымен де өлшенеді. Егер тараптардың бірі соттың жергілікті ықпалға тәуелді болуы мүмкін деп санаса, бұл әділ сот қағидатын әлсіретеді.

Аумақтан тыс соттылық: жергілікті әкімшілік ресурстың ықпалын болдырмайды; судьяны сыртқы және бейресми қысымнан қорғауға мүмкіндік береді; тараптардың процессуалдық теңдігін нақты қамтамасыз етеді. Нәтижесінде сот актісі заңды ғана емес, қоғам үшін әділ болып қабылданады.

Бұл институттың тағы бір маңызды қыры – сот төрелігінің тиімділігін арттыруы. Істі басқа соттың қарауына беру арқылы: дәлелдемелерді жан-жақты және бейтарап бағалау мүмкіндігі кеңейеді; процессуалдық кателіктердің алдын алу қамтамасыз етіледі; апелляциялық және кассациялық шағымдардың саны азаяды.

Тәжірибе көрсеткендей, аумақтан тыс қаралған істер бойынша қабылданған сот актілері жоғары сатылы соттарда

сирек бұзылады, бұл өз кезегінде сот жүйесінің тұрақтылығын арттырады.

Сонымен қатар аумақтан тыс соттылықты қолдану барысында бірқатар практикалық мәселе де орын алуға. Атап айтқанда, істі бір соттан екінші сотқа беру рәсімінің күрделілігі; тараптардың басқа өңірге баруына байланысты қаржылық және уақыт шығындары; цифрлық сот төрелігі құралдарының жеткіліксіз пайдаланылуы.

Осы мәселелерді шешу үшін бейнебайланыс арқылы сот отырыстарын кеңінен енгізу, электрондық іс жүргізуді жетілдіру және процессуалдық мерзімдерді оңтайландыру маңызды.

Қорытындылай келе, аумақтан тыс соттылық – әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сот өндірісінде сот төрелігінің бейтараптығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар құқықтық институт. Судья ретінде бұл тетіктің негізді, уақытылы және дәл қолданылуы азаматтардың құқықтарын қорғаудың, сондай-ақ сот билігінің беделін нығайтудың кепілі деп санаймын. Аумақтан тыс соттылықты одан әрі жетілдіру – құқықтық мемлекетті дамыту жолындағы маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

А.АБЛАЕВА,

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТАҒЫ СОҢҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР



Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тәжірибеде қолдану мәселелері кеңінен талқыланды. Осыған орай аталған өзгерістердің құқықтық мәні мен оларды қолданудың ерекшеліктері жөнінде Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Айгүл Ауелбекқызы түсініктеме берді.

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістердің негізгі бағыттары жайлы айтып берсеңіз...

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және әкімшілік жауапкершілік шараларын саралау мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Бұл өзгерістер әкімшілік жазалардың мазмұнын қайта қарастырып, олардың тек жазалаушы емес, алдын алу және тәрбиелік сипатын күшейтуге негізделген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі 49-1 және 49-2 баптарымен толықтырылып, әкімшілік жаза түрлерінің қатарына қоғамдық жұмыстар енгізілді. Бұл соттарға әрбір істің нақты мән-жайын ескере отырып, неғұрлым теңгерімді және мақсатқа сай шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

– **Қоғамдық жұмыстар әкімшілік жаза ретінде қандай мақсатта енгізілді?**

– Қоғамдық жұмыстарды әкімшілік жаза ретінде енгізудің негізгі мақсаты – құқық бұзушыға қолданылатын жауапкершілік шараларын әртараптандыру. Бұл жаза түрі құқық бұзушыны қоғамнан оқшаулауды көздемейді, керісінше оны қоғамдық пайдалы еңбекке тарта отырып, заң талаптарын сақтаудың маңызын ұғындыруға бағытталған.

Сонымен қатар қоғамдық жұмыстар айыппұл салу немесе әкімшілік қамауға алу әрдайым тиімді бола бермейтін жағдайларда балама шара ретінде қарастырылады. Бұл, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға қатысты істерде немесе құқық бұзушылықтың ауырлық дәрежесі төмен болған жағдайда маңызды.

– **Аталған жаза түрін тәжірибеде қолдануда қандай ерекшеліктер бар?**

– Қоғамдық жұмыстар сот қаулысымен ғана тағайындалады және оны орындау тәртібі заңнамада нақты белгіленген. Сот бұл жаза түрін қолдану кезінде істің барлық мән-жайын жан-жақты зерттеп, құқық бұзушының жеке басына, оның әлеуметтік жағдайына, еңбекке қабілеттілігіне, бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылу-тартылмауына, сондай-ақ жасалған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік деңгейіне ерекше назар аударады.

Жаза тағайындау кезінде әділеттілік пен пропорционалдық қағидаттары басшылыққа алынады. Қоғамдық жұмыстар, негізінен, ұсақ құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу немесе әкімшілік қамауға алу орынсыз деп танылған жағдайларда қолданылады.

Қоғамдық жұмыстарды орындау жергілікті атқарушы органдар айқындаған ұйымдарда жүзеге асырылады және олардың орындалуы уәкілетті органдар тарапынан бақылауға алынады. Сот қаулысын орындамау немесе жалтару заңнамада көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

– **Отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтар бойынша қандай өзгерістер енгізілді?**

– Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілік едәуір нақты әрі қатаң сипат алды. Бұл өзгерістер отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, жәбірленушілердің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау және тұрмыстық жанжалдардың ушығуына жол бермеу мақсатында қабылданды.

Сот мұндай істерді қарау барысында тараптардың уәждерін, құқық бұзушылықтың салдарын, жәбірленушіге келтірілген моральдық және психологиялық зиянды, сондай-ақ істің барлық нақты жағдайын мұқият талдайды. Бұл бағыттағы істерге формальды көзқарасқа жол берілмейді.

– **Ұсақ құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің күшейтілуі немен байланысты?**

– Ұсақ құқық бұзушылықтар қоғамдық тәртіпке, азаматтардың тиыншылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін әрекеттер қатарына жатады. Мұндай құқық бұзушылықтарға уақытылы және тиісті құқықтық баға берілмеген жағдайда, олар жүйелі сипат алып, ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

Сондықтан заңнамада бұл санаттағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті нақтылау және күшейту көзделген. Бұл соттарға құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында пәрменді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

– **Заңнамадағы бұл өзгерістер сот тәжірибесіне қандай талаптар қояды?**

– Енгізілген өзгерістер соттан әрбір істі қарау кезінде құқықтық нормаларды дәл және біркелкі қолдануды, істің мән-жайын жан-жақты зерде-

леуді талап етеді. Әкімшілік жаза құқық бұзушылықтың сипатына, оның салдарына және тұлғаның жеке ерекшеліктеріне сай тағайындалуы тиіс.


Сонымен қатар сот үшін әкімшілік жазаның заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты міндет болып қала береді.

– **Қорытынды ретінде азаматтарға қандай үндеу айтасыз?**

– Әрбір азамат заң талаптарын сақтауға, қоғамдағы тәртіп пен өзара сыйластық қағидаттарын құрметтеуге міндетті. Әкімшілік заңнамаға енгізілген өзгерістер азаматтардың құқықтық жауапкершілігін арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Заңды сақтау – әр азаматтың міндеті ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігі екенін ұмытпау қажет.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Әңгімелескен
Ләйла ӘБДУӘЛІ,
Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының жетекші маманы





ҮЗІЛГЕН ТАҒДЫР

Күн түндігін ашып шикі піскен жұмыртқаның уызындай қызғылт сәулесімен әлсін-әлсін төңірекке сәуле бергенімен, өзі көкжиектен шығуға асығар емес.

Күн асықпаса да, шығамын дегенше біраз тірлік бітіретін Күләнда әтештен бұрын оянған. Көзін тырнап ашып, бірінші қасында жатқан кара шалын оятады. Сүйтеді де өзін оятқан Аллаға шүкіршілік мадақтауларын айтып күбірлеп біраз жатады. Шүкіршілігін айтып болған соң бір қырымен қисаландап әзер тұрған Күләнда ұйып қалған аяғын тәй-тәйлап жүруді енді үйреніп келе жатқан баладай әзер басып, жар жағалай әйтеуір есікке жетті. Ортаңғы бөлменің жарығын жағып, үлкен шкафтан тарс-түрс еткізіп әлденені іздеп жатқандай сыңай танытты. Дыбысты естіген Жібек орамалын тағып бөлмесінен шыға апасына сәлем беріп, әдеттегідей сиыр саууға кетті. Бұл Күләданың келінін оятудың жиі қолданатын айла-амалдарының бірі еді. Осы әулеттің қолда қалған келіні Жібектің босаға аттағанына биыл міне үш жыл толды. Осы үш жылда Жібек Күләданың барлық қулығына еті үйренген. Жібек ерте оянса да әдейі енесінің осы айласын күтіп жататын. Келінінің бұл қылығына іштей риза болған Күләнда: «Әй, келін ененің топырағынан деген. Осы келінімді Күдай маған қарастырған. Анау Ерболдың қатыны келін болып жарытпақ түгілі бүгін мені іздеп баламмен бірге келе ме екен өзі!.. Өзі келмесе де немеремді алып қалып, баламның қу басын сопитып жалғыз жіберіп қоймаса игі еді!..» деп сыртқа білдірмегенімен кіші келіні Жібекке іштей риза еді. Іш-көйлек сыртынан шыт көйлек оның сыртынан қалың жеңсізін киіп, тоқылған үлкен ақ шәркейін беліне мықтап буып, орамалын олқы-солқы таққан орта бойлы Күләнда қаздаңдап далада ұзын орындықта отырған кара шалының қасына отырды. Отыра сала шалына:

– Бүгін Ербол әлгі жаман қатынымен бірге келе ме екен, әлде ұлы екеуі!.. Жоқ, әлде, ұлым жалғыз өзі келер ме екен, ә? – деп миын күрт секілді жеген сұрақты төтесінен қоя сала артынша:

– Әй, осы ұлым мен немеремді жіберіп өзі келмей қалады-ау... Қалада әкесінің патша сарайындай үйінде өскен ол біздің үйге келе қояр деймісін, – деп өз сұрағына өзі күңкілдеп жауап беріп отырды. Кара шал кемпіріне о баста жауап беруге тіпті тырысқан да жоқ.

Бір уақта көкжиектен бір жарқыраған сәуле сығалай қарайды. Құдды бір Кара шалдың шаңырағы өзінен бұрын оянып алғанына ұялып қарап тұрғандай. Қора жақтан қуаныш екі езуі екі қулағына жетіп Жібек келеді. Қолында шелегінің жартысына да жетпейтін сүті бар. Сиырдың сүт бермей қойғанына да реніші жоқ тәрізді. Апам ұрысады-ау деген жүзінде уайым да жоқ. Керісінше апасына жеткенше асық. Күләдaмeн кара шал ұзын жолға қарап мүлгіп отқанда Жібек еңтігіп апасының бір қолтық жеңінен шап беріп ұстай алып:

– Апа, апа, апатай!..

– Ойбай, астапыралла, не болды, әй? Осы сенің шаңкілдеген дауысыңды-ай!..

– Апа, қорада!..

– Не болды? Мал шығып кетіп пе?

– Жоқ... Ана жақта... Жібек еңтігін әлі баса алмай отыр.

– Әй, не қора өртеніп жатыр ма, ойбай?


– Жоқ...Апа... Біздің Маруся төрт мысық туыпты, қора ішіне туып!.. – деп айта бергені сол еді белі жүргізбей әзер отырған Күләнда:

– Мысық туды деп жанымды аласың ба, адамның зәресін ұшырдың ғой тегі. Күләданың көзі шелекке түсті.

– Жарымағыр-ай, сүтті де жарытпадың-ау, епсіз неме. Атаңның тандайы кеуіп отыр, бар шәй кой, – деп Жібектің қолын итеріп тастады. Жібек бұрын апасының бұдан да ауыр айтылатын сөздері мен итеріп жіберетін қылықтарын ене мен келін арасындағы қалыпты құбылыс санап онша бір көңіліне алмайтын, бірақ соңғы уақытта көңілшек болып апатайының сөздерін көңіліне алып жылап қалатынды шығарған. Екі көзі шынайдай мөлдіреп Жібек тамақ даярлайтын кіші сарайға өзін әрен сүйреп келеді.

Айдана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ,
(Жалғасы келесі сандарда)

Арал теңізінің тартылуы – адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апаттардың біріне айналды. Бір кездері толқыны жағаны шайып, төсінде кемелерді тербеткен алып теңіз бүгінде шаң мен тұзы ұшқан шөл далаға ұқсайды. Алайда теңіздің тартылуы тек трагедия ғана емес, тарихтың қайта тірілуіне алып келді. Ғасырлар бойы су астында жатқан құпиялар теңіз тартылған соң жер бетіне шығып, ғалымдарды ғана емес, әлемді таңғалдырды. Сонда Арал теңізі өз қойнауында нені жасырған? Экологиялық апат адамзатқа қандай тарихи деректерді паш етті?



2001 жылы Арал табаны ғалымдар үшін нағыз сенсация алаңына айналды. Археолог Дмитрий Воякин бастаған зерттеу тобы құрғап қалған теңіз табанынан түз қапаттарын аршу барысында тосын жаңалыққа тап келді. Қалың тұздың астынан кенеттен кесененің күмбезі көрінді. Ізінше жиырма метр тереңдікте кірпіштен қаланған құрылыстар ашыла бастады.

Тереңдей қазған сайын ортағасырлық қаланың сұлбасы айқындала түсті. Көшелер, ғимараттар, шаруашылық нысандар. Ғалымдар бұл мекенді XIV ғасырдағы Арал-Асар қаласы деп таныды. Алты гектар аумақты алып жатқан қалада диірмендер, күріш егілген алқаптар, су арналары болған деседі. Бұл – кездейсоқ қоныс емес, дамыған, тіршілігі қайнаған шаһар болғаны анық. Археологтардың пікірінше, Арал-Асар Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты болған. Сауда керуендері осы жерден өтіп, қала арқылы түрлі тауарлар алмасқан деседі. Гүлденген шаһар бір мезетте табиғи апат салдарынан су астында қалып, ғасырлар бойы адам көзінен таса болды. Сол себепті зерттеушілер бұл олжаны «Қазақстандағы Атлантида» деп атап кетті.

Қаланың қирандыларымен қатар, мұнда адам жерленген қорымдардың табылуы тарихтың ең ауыр беттерін ашып берді. Бұл қорымдар Арал маңында адамдардың кездейсоқ емес, ұзақ уақыт бойы тұрақты өмір сүргенін дәлелдейді.Өсіресе қабірлерден табылған әшекей бұйымдар мен тұрмыстық заттар сол заманның дүниетанымын, наным-сенімін айқын көрсетеді.

Мәселен, қазба жұмыстары кезінде табылған құйрығын тістеп тұрған барыс бейнесіндегі алтын сырғалар зерттеушілерді таңғалдырды. Жалпы алғанда бұл бейне – ежелгі пұттық түсініктерге

тән символ. Ал ислам кең тараған XIV ғасырда мұндай әшекейдін кездесуі ғалымдарға әлі де жұмбақ. Демек, Арал-Асар – сенімдер мен мәдениеттер тоғысқан, күрделі рухани кеңістік болғаны айқын.

Сонымен қатар адамдар мен жануарлардың жаппай сүйектерінің табылуы алапат су тасқыны кезінде қаланың түгелдей су астында қалғанын айғақтайды. Табиғаттың қаһары бүтін бір өркениетті жұтып, оны ұзақ ғасырларға теңіздің түбіне көміп тастаған. Ғасырлар бойы су астында жатқан сол тарих бүгінгі күнге жетті.

Арал теңізі көне тарихымен ғана емес, өткен ғасырдағы тағдырымен де жүректі ауыртады. XX ғасырдың ортасына дейін бұл өңір балық шаруашылығының ірі орталығы болды. Теңіз бетінде жүздеген кеме қатынап, жыл сайын мыңдаған тонна балық ауланған. Арал балығы ел экономикасының маңызды саласына айналған еді. Алайда теңіз тартылған соң кемелер жағалауда қаңырап қалды. Құрғап қалған теңіз табанында ұзақ жыл бойы оннан аса кеме тұрақтаған еді. Бүгінде сол кемелердің үшеуі ғана сақталған. Қалғандары металл ретінде бөлшектеліп кеткен. Ал дәл қазір сақтаулы тұрған кемелердің темір қаңқалары уақыт өткен сайын шіріп, дәуірлердің соңғы куәгеріндей үңісі мүжіліп барады.

Арал табанындағы жұмбақ құбылыстардың тағы бірі – геоглифтер. 1990 жылы жүргізілген әуеден түсірілім кезінде ғалымдар қорғаған теңіз табанынан ұзын сызықтар мен геометриялық пішіндерді байқаған. Бұл сызықтар кездейсоқ емес, белгілі бір жүйемен салынғаны анықталды.

Геоглифтер – жер бетіне салынған алып суреттер. Ол адамзат тарихындағы ең тылсым құбылыстардың бірі. Әлемдегі ең танымал

ТЕҢІЗ ТАБАНЫНДАҒЫ ТАРИХ

үлгілердің бірі – Оңтүстік Америкадағы Наска сызықтары. Ал осындай бейнелердің Арал өңірінен табылуы зерттеушілер үшін үлкен жаңалыққа айналды. Кейбір геоглифтерді тек әуеден ғана көруге болады, бұл олардың шығу тегіне қатысты сұрақтарды одан әрі күрделендіре түседі. Сызбалардың қандай мақсатта салынғаны, табиғи құбылыс па әлде адам қолының ізі ме – әлі де зерттеуді қажет етеді. Бұл таңбалар Арал өңірінде біз білмейтін өркениеттің немесе табиғи құпиялардың болғанын меңзегендей.

Арал теңізі табанынан табылған ең таңғаларлық олжалардың бірі – ежелгі орман іздері. Қазба барысында ғалымдар ірі ағаш тамырлары мен жапырақ іздерін анықтаған. Зерттеушілер бұл жерде бір кездері ну тоғайлар, орман алқаптары болғанын айтады.

Ең қызығы, табылған қалдықтар арасында бук, емен, жаңғақ ағаштары кездескен. Қазіргі климатта мұндай ағаштардың өсуі мүмкін емес. Аталған ағаштар әдетте солтүстік әрі ылғалды өңірлерде өседі. Демек, ежелгі кезеңде Арал маңында климат қазіргіге қарағанда әлдеқайда жұмсақ әрі ылғалды болғанын аңғартады. Тек кейінірек теңіз пайда болып, климат біртіндеп құрғап, ыси түскен.

Бүгінде Кіші Аралға су қайта жинала бастады. Табиғат біртіндеп қалпына келуде. Балықшылар қайтадан ау құрып, теңізден несібе күтуде. Алайда Арал теңізі әлі де талай құпиясын ашпаған жұмбақ мекен. Оның түбі – тек экологиялық апаттың емес, тұтас адамзат тарихының үңісі шежіресі.

Аружан ОРАЛБАЙ

Көрші Ибрагимнің ұлтының өзбек екенін оның өмірден өтер шағында білдім. Ата-анасы орыс болатын. Олар біздің ауылдағы жалғыз орыс отбасы еді. Ибрагим әскерде болғанда ата-анасы бірдей қайтыс болды. Ол елге оралғанда жалғыз қалды. Тіпті, оның үйі де сатылып кеткен еді!..



ЖАМАН ҰЛТ ЖОҚ, ЖАМАН АДАМ БАР

Бізбен көрші тұратын Абай – оның сыныптасы. Елге келген Ибрагим Абайдың үйінде тұрды. Бірге оның шаруашылығына қол ұшын созып, кәсібінің өрлеуіне көмектесті. Жұқ көлігімен екеуі жем сатты. Бірде онымен әңгімелесіп тұрып:

– Осы өзбектерді түсінбеймін, – деп бір әңгіменің шетін шығардым.

Ал ол үндемеді. Оның да өзбек екенін кейін білдім. Бірақ ол кезде тым кеш еді. «Айтылған сөз – атылған оқпен тең». Сол бір ауыз сөзім үшін әлі күнге дейін ұяламын.

Енді ғана отбасын құрған кезім еді. Жаңадан келген жиназды құрастырып жүріп, жаңадан шыққан бекітпелерді түсіне алмадым. Дереву Ибрагимге айтып едім. Қолына ұстап тұрып, бірнеше рет олай-бұлай байқап көрді де, дұрыс бағытына салып, қатайтып тастады. Бір уақытта:

– Е-е, осылай екен ғой, – деді.

Әзі де білмей тұрып, менің қиналып тұрғанымға қарап, механизмін түсініп алды. Дереву реттеп берді.

Қайсыбір жылы француздың Renault маркалы минивэнін міндім. Қосалқы бөлшегі былай тұрсын, облыс бойынша әлгіндей көлік айдатын алты-ақ адам бармыз. Көшеден бір-бірімізді көре қалсақ, дабыл басып, тоқтатып,

«ана жерін не істедің?», «мына жерін не істедің?» деп жағадан алғандай сұрақ жаудырамыз ғой. Есімін ұмытып отырмын, қалада сондай көлігі бар бір орыс жігітті болды. Ол бар білгенін айтып, қосымша заты болса, қолына ұстатып жібереді. Біз қазақ осы мақтанғанда «Астындағы жалғыз атын беріп жіберіп, өзі жауу қала беретін» деп айтамыз ғой. Дәл сондай адам.

Бірде жолда қалдым. Елсіз жол. Бірақ телефонда байланыс ұстап тұр екен. Дереву әлгі жігітке хабарласып, мәселені жеткіздім. Ал ол болса, құстай ұшып, бір сағатта жетіп келді. Қолында қажетті кілттері бар, әлгі заты болмаса да, базарға барып, сол жерге келетін басқа көліктікін салып әкеліпті. Жөндеп болған соң, рақметімді айтып, қолына пұл ұстатып едім, алмады.

– Мен де бір құл жолда қалғанда хабарласармын, – деп жымынып кетті.

Арада бірнеше ай өткенде хабарласты. Мен басқа қалада едім. Айтып едім, ештеңе етпейтінін айтып, телефон тұтқасын қойды. Ал біз болсақ, «адамның жақсылығын ұмытып кетеді екен», «есегі көпірден өтіп кетті ғой» деген сынды түрлі нәрсені айтамыз. Тіпті, телефоннан бір сыбап та аламыз ғой. Онда ол жоқ екен.

«Татар бар жерде қатер бар» деп тұрып әңгімені соғамыз. Ұлты татар әріптесіміз болды. Қазір – құрмет демалысында. Бірақ әңгімелессең, кәдімгі жағдайыңды сұрап, көшеде көріп қалсаң, қолын бұлғап, іші-бауырына кіріп тұрады. Оның қасынан қатер көрмеппін. Керісінше, үлкендігінен жаңылмай, арқаңнан қағып, мақтауын айтып кетеді.

Айтпақшы, телеарнада Елена Рыбина есімді әріптесіміз болды. Қазір білім саласында қызмет етеді. Кейде тіпті оны Ендік Балықбаева деп те еркелетіп алатынбыз. Биязылығы, адаммен араласуы, үлкенді сыйлауы жөнінен жаңылған емес. Қай кезде де күлімдеп, сұрағына жауап беріп, қажет мәліметпен бөлісіп отырады.

Кейде, біз осы «Жаман ұлт болмайды, жаман адам болады» деген сөзді ұмытып кетіп жатамыз. Оның үстіне «дұрыс емес пікір болмайды, тек пікірлер үнемі бағыттас бола бермейді» дегенді ұмытпай жүрсек, қызылкенірлек болып, жанжалдасып жүргендер де аз болар ма еді деймін. Сіз қалай ойлайсыз?!

Нұр ТӨРЕ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.		
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ	
		Таралымы: Тапсырыс:	